



2012 жылға арналған Үржар ауданы тұрғындарының нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы N 409 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 31 қазанда N 2711 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы N 36 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2013.01.31 N 36 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларын, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабын, 7 бабының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, еңбек нарығындағы жағдайға сәйкес жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жұмыспен қамтудың қосымша мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында Үржар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылға арналған Үржар ауданы тұрғындарының келесі нысаналы топтарын анықталсын:

табысы аз адамдар;
жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;

зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған); мүгедектер;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

